



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 11 қыркүйек

### 2018 жылғы 31 тамыздан 7 қыркүйек аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

2018 жылғы 7 қыркүйектегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 3,4%-ға әлсіреп (363,43-тен), 375,62 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 31 тамыздан 7 қыркүйек аралығында маңызды оқиғалар АҚШ Президенті Д.Трампының қытай тауарларына дереу қосымша баждар енгізу қажеттіліне қатысты мәлімдеулері, Қытай өкілдерінің қарсы мәлімдеулері, Вашингтондағы кезекті келіссөздерден кейін Канада мен АҚШ арасында сауда-саттық қатынастары мәселелері бойынша уағдаластықтың жоқтығы және АҚШ халқының жұмыспен қамтылуы және Еуроаймақтағы ІЖӨ-нің өсуі бойынша экономикалық деректерді жария ету болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка рэнді** 3,7%-ға (14,69-ден 15,24-ке дейін) әлсіреді. ОАР экономикасы болжам 0,6% болған кезде, ІЖӨ-нің 0,7%-ға құлдырауын көрсетіп, 2009 жылдан бері алғаш рет рецессияға кірді. Негізгі баялау ауыл шаруашылығында байқалады. ОАР үкіметі құрылымдық реформалар пакетін және экономиканы ынталандыру шараларын әзірлеу туралы мәлімдеді;

- **Ресей рублі** ОДБ Төрағасы Эльвира Набиуллинаның монетарлық саясатты қатаңдату үшін пайда болған факторларға қатысты мәлімдемесіне қарамастан, 3,6%-ға (67,47-ден 69,90-ға дейін) әлсіреді. Лондон Ресей үкіметінің химиялық қару-жарақты қолданатыны жөнінде қосымша дәлелдердің бар болуы туралы мәлімдегеннен кейін Ұлыбритания Ресейге қарсы санкциялар енгізу ниеті туралы айтты. АҚШ үкіметінің ресейлік мемлекеттік борышпен операцияларға жаңа санкциялар енгізуі инвесторлар үшін негізгі қауіп болып қалып отыр;

- **Мексика песосы** 1,2% -ға (19,09-ден 19,32-ге дейін) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы** 1,0%-ға (71,00-ден 71,74-ке дейін ) әлсіреді.

---


<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



- **Индонезия рупиясы** 0,7%-ға (14 710-нан 14 820-ға дейін) әлсіреді. Валюта бағамының одан әрі әлсіреуінің алдын алу үшін Индонезияның Орталық банкі валюта нарығында өктемдіктер жүргізуді жалғастыру туралы мәлімдеді;

- **Бразилия реалы** бір апта ішінде айтарлықтай өзгеріссіз бір АҚШ доллары үшін 4,06 реал деңгейінде саудаланды. Бейсенбіде Бразилияның Президентіне кандидат Жаир Болсонарудың өміріне қастандық жасалды;

- **Түрік лирасы** ОБ-нің тамызда тұтыну бағасының индексі сарапшылардың болжамы 17,6% болғанда, жылдан жылға 17,9%-ға өсуіне байланысты таяудағы отырыста базалық мөлшерлемені көтеру ниеті туралы мәлімдемесінің аясында 2,0%-ға (6,54-тен 6,41-ге дейін) нығайды.



**Дамушы елдер валютасының серпіні (24 тамыз 2018=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 704 585  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)